

23.06.2017 ж.

Шовинистерді шыжғырған

Болатбек НӘСЕНОВ, тарих ғылымының докторы, профессор.

Алаштың адал ұлы Абдолла Асылбеков есімі ұмытылуға тиіс емес

1998 жылдан бері жиырма жылдай уақыт қанишама мұрағаттарды аралап, қанишама мыңдаған құжаттардың көшірмесін алдым. Әлденеше мың құжатты ерінбей қолмен көшірдім. Бірнеше жүз алашордашылардың істерімен таныстым.



Солардың барлығының ісінен орыс большевиктеріне еш нәрседен, ешкімнен тайсалмай 1921 жылдан 1937 жылға дейін РКП (б), ВКП(б) ның бюроларында, жауапты жиындарда ашықтан ашық, орыс шовинистерін беттеріне басып «Сендер интервентсіңдер, ешқандай қазақ халқына көмектесуге келген жоқсыңдар» деп айтқан алашордалықтар да, қазақ ұлтшылдары да, большевиктері де болған емес десем өтірік болмас. Мұрағаттар арқылы күрескерлік бейнесі айырықша көрінген азамат Абдолла Асылбеков деп айта аламын. Оны «алашордашы болды» деп айту да қиын. Өйткені оны дәлелдейтін бірде бір құжат кезіккен емес. Ал қылығы, мінезі, сөйлеген сөздеріне қарап оны таза коммунист деп ешкім де айта алмасы тағы анық. Ал орыс шовинистерін іреп сойғандағы сөздері мірдің оғындай, зеңбіректің добындай жауын жайратып салатын.

Тағы да бір таң қалғаным – Ленин жіберген большевиктердің де жон терісін тілген. Қалайша оны шовинист большевиктер 17 жыл бойына құртып жіберуге күштері жетпеді екен?!

Бұл қаһарман ағамыз Абдолла Асылбеков 1896 жылы Қарағанды облысының Нұра ауданында туған. 1917 жылдан ВКП(б) мүшесі, Мәскеудің Тимирязев Академиясын бітірген. Тұтқындардың алдында Әлеуметтік комиссариаттың халық комиссары болып қызмет істеген. Бұл ағамыздың аты 1923 жылдан 1937 жылдары аралығында көптеген құжаттарда Алматының Республикалық мұрағатында, Республикалық ұлттық қауіпсіздік комитетінің, Президенттің мұрағаттарында кездеседі.

Абдолла орыс шовинистерін былай қойғанда, өзіміздің республиканың басшыларын: Меңдешевті, Сейфуллинді де: «Қолдарыңдағы мүмкіндікті неге пайдаланбайсыңдар. Шовинистердің, Мәскеудің ықпалыңдасыңдар. Қорқақсыңдар. Ана Ресейдің шовинистерін көріп отырсыңдар ма, ішімізге кіріп алды. Жауапты орындарда отыр. Неге көрмей отырсыңдар? Бізде қандай бостандық бар? Бізді нағыз колонияға айналдырып отыр. Неге қарсы шықпайсыңдар?! Орындарыңнан қорықпаңдар. Сендер Қазақ халқының атынан айтсаңдар мәскеудегілер ойланады. Олар бізді басынуда. Қалайша бізден онда бір басшы қазақ жоқ», – деп ыза кернеп олардың қызмет бабымен санаспай іреп-іреп жібереді.

Асылбеков ағамыз Ресейден келген большевиктерге тіпті көшеде кездесіп қалса да:

«Сендер кетіндер. Біз сендерсіз де өзімізді-өзіміз басқара аламыз. Интервенттер екендіктеріңді сезбей жүрсіндер ме?» – деп ашықтан-ашық тиісе береді екен. Міне, соны президенттің мұрағатынан табылған соны дәлелдейтін мына хатпен танысайық (Қор. 718. Тізім 1, Іс 268.)

Қырғыз облыстық партия

комитетінің президиумына
партия мүшесі Пирожниннен
партбилет № 609 610

КирЦИК-тің жиналысын тосып жүргенде маған және жанымдағы Нежин екеуімізге Асылбеков кездесті. Ойламаған жерден Асылбеков таяп келді де, бізге былай деді: «Амансындар ма, колонизаторлар!». Біз оны қалжыңдаған екен дедік те, мен оған қалжыңмен: «Колонизаторлар жұмыс істеп жүрміз. Ал ұлтшыл не істеп жүр екен?», – дедім. Бірақ Асылбековтің әрі қарай айтқанынан оның қалжың емес, шынымен бізге тиісіп тұрғанын байқадым. Ол: «Сендер Кир республикасын басқарасындар. Естерінде ме? Семей губерниясындағы қырғыздардың сендерден қандай қорлық көргендері. Осындай жағдайларды айта берді. Тағы да бір айтқанын келтірейін. Сендерден, орыс коммунистерінен ешқандай пайда жоқ, жақсылық күтуге болмайды. Мені ұлтшыл деп айыптасын, бәрібір мен айтқанымнан қайтпаймын.

Осы айтылғандарды Президиумға жеткізе отырып сұрайтыным, егерде біздерді колонизатор деп есептесеңіздер, онда жазалаңыздар. Ал, әйтпесе АСЫЛБЕКОВТЫ тәртіпке шақыру керек.

РКП(б). 8 тамыз 1923 жыл

Бұл арызды басқа мәселелермен бірге президиумда қарапты. Онда Асылбеков ағамыз былай деп жауап беріпті: «Мен оларды интервенттер дегенімді әлі де қайталаймын.

Олар әрбір қырғызбен (қазақпен – ред) аудармашылар арқылы сөйлеседі. Осының өзі айтып тұрған жоқ па? Неге біздің тілді үйренбейді. Типография өткен жылы келген, бірақ қырғыз тілінде жоқ.

Егер Орталықты Қостанайға ауыстырсақ типографияны ауыстыруға болмай ма?

Мәдениет күші – ол оңай. Олар ақшаға жалданатындар. Жолдас МЕНДЛИН 7000 сомға ешбір сөзсіз Қостанайға барады. Егерде коммунистер партиялық тәртіппен жіберілген болса, онда олар Қостанайға ғана емес, бүкіл қазақ даласына жіберілуі керек. Орынбор ешқандай орталық емес. Бірақ ҚАЗАҚ ЖЕРІ. Егерде біз губернияны жойсақ, 10-15 округ қана қалса, оны қалайша Орынбордан басқаруды ойлаудамыз. Батыс бөлігі жеке бөлініп кетуі мүмкін дейді. Біздер қай губернияның экономика жағынан күшті екенін білуіміз керек.

Қостанай аздаған ауданды қамтамасыз етеді. Айтиевтің сөзіне тоқтағым да келмейді. Өйткені оның басында (жеке басқа тиіспеуіңіз сұралады – деді төраға) «Орынбор қырғыз мемлекетінің астанасы емес. Қолдан жасалған қала. Қырғыздікі деген аты ғана» дегені есімізде».

Осы президиумның протоколының 29-бетінде Асылбеков былай депті: «Мен барлық пункттерге, сондай-ақ аудандастыруға байланысты әңгіме қозғамаймын. Мен бірінші пунктке тоқтайын. Онда қазақ жерінде жалғыз облыс қана құру айтылған. Орынбор уақытша орталық болып саналады. Бізге Сырдария мен Жетісу өлкелерін қосуды тосудамыз. Соны тездету керек».

Тағы да былай депті: «Егер Қырғыздың картасына қарасақ, біз мынаны көреміз. Ақмола мен Семей бірнеше мың верст жерде орналасқан. Ал бұлай басқару мүмкін емес. КИРЦИК-тің съезіне бірде-бір семейлік келмейді. Өйткені олар Орынборды орталық деп мойындамайды. Мемлекеттің орталығы болу үшін оны көпшілік қолдауы керек. Ал Орынборда бар-жоғы 89 жауапты қызметкерден басқа қазақ жоқ. Бүкілхалыққа Орынборда орын жоқ. Далада кім не істеймін десе соны істеп жатыр.

Табиғи шекара жөнінде әңгіме қозғалады. Бұл тұста Асылбеков: «Қырғыздың экономикасының дамуымен, халықтың әл-ауқатымен Орынбор шұғылданып жүрген жоқ. Бұл Орынборды Қырғыз (Қазақ – ред) мемлекетінің орталығы етіп күштеп белгілегеннің әсері. Аудандар құрылған кезде біз Орынбордың орталық болуынан бас тартуымыз керек. Оның орнына Омбы мәдени орталық бола алады. Өйткені ол жерлерде жауапты қызметкер қазақтар, жалпы қазақтар көп», – дейді. Әрі қарай құжаттың екі беті

өшуге таяу. Тіпті үлкейткіш әйнекпен де оқи алмадым. Соған қарамай көшірмесін алдым. Мүмкін келешекте оқу мүмкіндігі болар деген сенімім бар. Ондай мүмкіндік туа қалса ағамыздың баға жетпес пікірлерін әрі қарай оқырмыз.

Істің 34-ші, ал протоколдың 3-бетінде басқа жарыссөзге шыққандардың бірі сөзін былай жалғапты: «Асылбеков жолдас білуі керек РКП(б) Орталық Комитетінен шақырылғандар 5-7-9 мың сом ақша үшін келгендер емес. Асылбековтың мұндай сөздері істі алға жылжытуға бөгет жасайды.

Жангелдин жолдас былай деді: «Әрбір сөзін әртүрлі түсінуге болады. Сондықтан Асылбековтен сұрау керек өзі қалай түсінетінін. Сонымен сұрақ тоқтар еді.

Григорьев былай деді: «Қырғыздардың барлығының сөздеріне қарағанда олардың барлығы орыстарды колонизаторлар деп есептейді. Ол жақсылық емес. Біз бар күшімізді салып қырғыздарға білгенімізді үйретіп жақсылық жасаудамыз. Барлық қырғыз қызметкерлерінің халқына қызмет етіп жүргендерін жоғары бағалаймыз. Кедейлерді байлардан босатудамыз. Орыстарда ешқандай колонизаторлық ой жоқ. Бұл сұрақ өте күрделі, соны шешуіміз керек.

Нұрмұхаметов былай деді: «Мен партия мүшелерінде тәртіп жоқ дей алмаймын.

Асылбеков туралы былай деп ойлаймын: Ол – ең адал коммунист. Ойындағысын жасырмай айтады. Ол кезде қазақ коммунистері большевиктердің бағдарламасына сенді. Халықты азаптан құтқарушылар ретінде қабылдады. Республикада қазақтан шыққан тұңғыш партизандардың алдыңғысы болды. Ол көп жағдайларға риза емес. Сол себепті оны қатаң жазалау керек деген ұсыныстарға қарсымын».

Айтиев: Мен конфликтіге барудың қажеті жоқ деп есептеймін. Шешуі қиын мәселелер президиумда шешілсін. Ретсіз сөйлеуден аулақ болуымыз керек.

Журевский: Орталықты Орынбордан ауыстыру мәселесі РКП (б) облыстық комитетінде талқыланды. Орталықты Ақтөбеге көшіру ұсынылды.

АСЫЛБЕКОВ: «Мен әбден түсінемін. Орталық комитеттің мүшелері қаулыны орындаулары керек. Қайда бар дейді сонда барады. Өте жақсы білемін бізге ВАЙНШТЕЙННИҢ қалай келгенін. Ол алдымен өзінің жақындарын орналастырды. Менің әр сөзім тек ВАЙНШТЕЙНГЕ ғана арналады. Басқаларға емес. Басқаларын қабылдаймын. Барлық жерде сөзімнің шындық екенін дәлелдей аламын.

Дунаев мынадай ұсыныс жасады:

АСЫЛБЕКОВТЫҢ МИНДЛИН туралы айтқанының орынсыз екенін ескерту керек.

МЕНДЛИН жолдас Дунаевтің ұсынысына қосымша Президиумның келесі жиынында АСЫЛБЕКОВТЫ тактикалық қате емес, саяси қате жіберген деп жариялауды ұсыну керек депті. Оны дауысқа салғанда 11 адам қолдап, 5 адам қарсы болыпты. Мендлиннің Асылбеков туралы істі Бақылау комитетіне емес, тергеу орнына беріп жауапқа тартылсын деген ұсынысы қабылданды.

Әрине, еврей Миндилинің ұсынысы қабылданады. Ол бастаған орталықтан келген Ресей большевиктері қанша кеңірдектерін созып: «біз көмектесуге келдік», – десе де халық олардың кім екендерін біліп отыр ғой. Олар шын мәнінде елімізді колонияға айналдыруды көздеді. Міне, оларға қарсы айғайлап дауыс көтеретін Асылбековтей ерлер санаулы ғана болды. Тіпті болған жоқ деп айта алмаймыз. Наразылар сөзсіз болды. Бірақ олар ондай ойларын сыртқа ашық шығара алмады. Осы ағамыздың ерлігін 30 жылдан кейін Тәшенов қайталады ғой деймін.

Әрине, Асылбеков ағамыздың бұл жанайқайы ескерілусіз қалған жоқ. Еврейлер тактикасын қайтсе де өзгертті. Ағамыз бұл табанды, қайсар мінезін өзгерткен жоқ. Біртіндеп оның дауысына мыңдаған бұрынғы алашордашылар, олардың шәкірттері қосылды.

Ары қарай Миндлиннің ұсынысы бойынша Асылбековтың ісін КирОбл тергеушісі қолға алыпты.

Президент мұрағатында Асылбековтың партиялық тергеу ісіне байланысты 1923 жылы 1 қарашада ашылған тергеу ісі бар екен. Өкінішке қарай құжаттың беттері

көрінбейді. Оқу мүмкін емес. Есесіне оның алдында сәуір айында тергеу жұмысына қатысты ашылған іс көп нәрседен хабардар ететін тәрізді. Ол іс менің ойымша жоғарыдағы президиумның шешімінен кейін өзіміздің қазақ басшыларына риза болмай, өзін қолдамағандарына ыза болып жасаған Асылбековтың іс-әрекетіне арналған сияқты. Оны мына төмендегі мұрағат құжатынан байқауға болады.

Хаттама № 18 . 1923 жыл 4 сәуір

Тергеуші – Яковлев.

1 куәгер – МЕНДЕШЕВ СЕЙТҚАЛИ,

41 жаста – Қаз Орталық Атқару Комитетінің төрағасы. Білімі – орташа.

Мамандығы – мұғалім.

Сұрақ: – Сіз Байсалықов пен Жәнібековты көрдіңіз бе?

Жауап: – Көрдім. Кешкі сағат 10-да Жәнібековты.

Сұрақ: – Не туралы әңгіме болды?

Жауап: Жәнібеков айтты: – Асылбеков келді. Мылтығы бар. Мендешовты, Сейфуллинді атып өлтіремін, одан кейін өзімді өлтіремін деді. Кеше сәрсенбі күні Асылбековты көрдім. Маған сағат 11-де Садуақасов пен Сейфуллин келді. Олар да сол мәселені айтуға келіпті.

Мен оларға: «Алаңдамандар, ештеңе де болмайды. Онан да Асылбековты табындар. Ондағы қаруды алындар. Өйткені ол өзіне-өзі жазым жасауы мүмкін, – дедім». Сөйтіп Садуақасов, Сейфуллин, Жәнібековтер Асылбековты іздеп кетті. Ол күні олар маған келген жоқ. Екінші күні Жәнібеков пен Байсалықов маған келді. Олар: «Асылбековты түнде таба алмадық», – деді. Демалыс күні ол үйіне келіп бір бөлмеге кіріп есігін ішінен іліп алып жатыпты. Дүйсенбі күні Садуақасов келді. Ол: «Асылбеков Ысмағұлдың үйінде қонып шығыпты», – деді. Кеше, сәрсенбі күні Асылбеков маған өзі келді. Ол: «Мен ешкімді өлтіремін деген жоқпын. Олар қоздырып жүр. Түнде Қонақаевтің үйінде қонып шықтым. Қорықтым, – деді». 4 сәуір 1923 жыл. Қолы.

Міне, осыдан Абдолла Асылбековтың бар жан-тәнімен Отаны үшін, оның келешегі үшін күрескен жан екендігін, өзін қолдамағаны үшін, Ресей большевиктерінің қазақ елін шын мәнінде колонияға айналдыруға келгендерін осыншама көрегендікпен сезіп, қазақ зиялыларын олармен аянбай күреске шақырған нағыз патриот екендігін көреміз. Ол уақыт өткен сайын колонизаторлармен күрестің қиындай түсетінін, шиеленістің күшейе түсетінін әбден сезінді. Сол себепті де ол осы жоғарыдағыдай асығыс қадамдарға бара жаздады. Ақыры өзі бұл жолдан бас тартып басқа жолға көнді.

Осылайша Асылбеков Қырғыз Орталық Атқару комиетінің жиындарында өз ойын ашық айтқаны үшін Ресей большевиктерінің қуғынына ұшырады. Оған қорқытудың алуан түрі әсер етпеген соң, оны өзі туып-өскен Қарқаралыға округ комитетінің төрағалығына, одан кейін жаңадан салына бастаған Қарағанды қаласына облыстық атқару комитетінің төрағасы етіп жіберілді.

Бұл аталған жерлерде Асылбеков халықты еңбекке жұмылдыра білді. Ғажап істерді тындырды. Оның ой-өрісінің аса жоғары дәрежеде екендігіне көздері жетіп, ұйымдастыру жұмыстарына қабілеттілігін мойындап қайтадан орталыққа шақырады. Сол кездегі аса ауыр учаскеге жегіліп, Әлеуметтік комиссариатқа Халық комиссары етіп тағайындалады. Бұл салада да ерекше жұмыстарымен көзге түсе бастаған кезде ескі жаулары ағамыздың тілімен айтқанда «колонизаторлардың» нұсқауымен «халық жауы» ретінде айыпталады.

Осы кезде өзімен бірге қазақтың жас мемлекетін құруға кіріскен замандастарын ұрып-соғып, күштеп куәгерлікке мәжбүрледі. Көпшілігі қинауларға шыдай алмай жала да жауыпты. Шын болған істерін де айтқан. Міне, сондай куәгердің бірі Нұрсейтов Нұрғали болды. Ол 1903 жылы Солтүстік Қазақстан облысы Атбасар ауданында туған. Білімі орташа – Ленинградтың коммунистік университетін бітірген. Тұтқындалар алдында Гурьевте РКП(б) округтік комитеттің хатшысы болған. Ол ұрып-соғып мәжбүрлеудің салдарынан, (ешқандай да сатқындық емес) Асылбеков мені контрреволюциялық ұйымға мүшелікке үгіттеп кіргізгенде осы ұйымның басшылары Нұрмақов Нығмет, Садуақасов

Жанайдар, Досов Әбілхайыр, Молдажанов Ильяс екендерін айтты. Асылбеков мүшелікке мына адамдарды тартты:

1. Беккенин Ғабдісәләм – бұрынғы округтік жоспарлау бөлімінің басшысы.
2. Арыстанбеков Таукен – бұрынғы атқару комитетінің консультанты.
3. Басшығұлов Үсен – Қоңырат аудандық атқару комитетінің төрағасы.

Келесі куәгер ҚОШАНБАЕВ ХАСЕН. 1896 жылы Солтүстік Қазақстан облысының Атбасар ауданында туған. 1922 жылдан ВКП(б) мүшесі.

Тұтқындар алдында РКП(б) Қызылорда окр комитетінің төрағасы. Бұрынғы Жеңіл өнеркәсіп комиссариатының Халық комиссары. Ол былай депті: Асылбеков Қарағанды облыстық атқару комитетінің төрағасы болған кезінде «Қарағандыны қазақ халқының сүйегімен орнатып жатыр. Қазаққа бостандық келген жоқ!» деді.

Жауыздардың тырнағына ілінгеннен кейін Асылбеков Абдолланың тергеушілерге берген жауабы туралы құжаттарды республикалық Ұлттық Қауіпсіздік Комитетінің мұрағатынан алдым. Ол менің 2011 жылы орыс тілінде жарияланған «Халық жаулары» атты кітабымда баяндалған. «Асылбеков Абдолла, 1937 жыл 31 шілде.

Сұрақ: Садуақасов Ж. Лекеров және Сейфуллинмен кездескендегі әңгімелеріңіздің мәтіндерін айтып беріңізші?

Жауап: – 1934 жылы Мәскеуге келгенде Садуақасовке кірдім. Шынын айтқанда Садуақасовты көптен білемін. Ол менің тәрбиемнен шыққан. Сондықтан одан қорғанбай Мәскеуде Нұрмақовпен болған әңгімені толығымен айттым. Оның кеңес үкіметіне қарсы құрылған ұйым екендігін, алға қойған міндеті туралы айтып бердім. Нұрмақовтың ол туралы Садуақасовқа айт дегенін жеткіздім. Бірақ Садуақасов сақ болуды, конспирацияны сақтауды ескертті. Одан көп кешікпей 1934 жылы маусым айында Алматыда «Каменское платода» Лекеровпен кездестім. Менімен кездескенде Лекеров менің Нұрмақовпен кездескенімді біліп отырды. Оны кімнен естігенін білмеймін. Одан кейін Лекеров Нұрмақов сияқты Қазақстандағы саяси жағдайды айта келіп, колхоз құруға қарсы күрес жүргізу қажеттігін айтты. Қазақтарға малды жекеменшік арқылы дамытқан дұрыс екендігін баса айтты. Ол қазір колхозшыларға бұзау беріліп жатқанын сықақтап: «бұзаулар өскенше барлық қазақ қырылып бітер», – деді. «Халыққа қазір отбасыларын аман сақтап қалуға сүт керек», – деді. Ол қызмет орындарын қазақтандыру туралы баса айтты. Бүгінгі жүргізіліп отырған саясат қазақтарды мазақтау, қорлау саясатымен тең деген дұрыс болар. Өйткені бір жерге қызмет сұрап қазақ келсе, мың түрлі сұрақ қояды. Алашордашы емессің бе, байдың баласы емессің бе? – деген сияқты. Ал еуропалықтар келсе, оларды ешбір сұраусыз қабылдайды.

Міне, сол себепті көптеген қазақ интеллигенттері жұмыс таба алмай жүр. Ол мынадай мысал келтірді. Мысалы, Сейфуллинді алыңыз: «торға қамалған аң сияқты» жұмыссыз отыр. Ол өте таза, қызметке адал азамат. Сондай-ақ Нықаш (Нығмет Нұрмақов). Оны Қазақстаннан қуып жіберді. Нұрмұхаметтің де қайда екені белгісіз? Оның ой-өрісі, ақылы қайдағы бір армяннан әлдеқайда жоғары. Неге Досов бірінші хатшы бола алмайды? Нұрмақовты баяғыда Қазақстанға қайтару керек еді. Біздер 1927 жылы ақымақ болдық. Ол үшін күресуіміз керек еді. Міне, біз Қазақстанның құрып бара жатқанын көріп отырмыз. Оның осы әңгімелерінен менің түсінгенім ол Нұрмақовтың көзқарасын айтып отыр.

Сейфуллинмен де байланыс жасадым. Ол да Нұрмақовтың тапсырмасы болатын. Сейфуллинмен әңгімелескенде байқағаным, ол да үкіметтің колхоздастыру саясатына қарсы екенін білетінмін. Ол кеңес үкіметінің саясатына наразы болды. Мен онымен өте жақсы қарым-қатынаста болдым. Оның үйінде Алматыда бірнеше рет болдым. 1934 жылы Қарқаралыға округтік атқару комитетінің төрағасы болып тағайындалғанда кездестім. Сол кезде ол өте қатал ашумен: «Тездету керек. Екі қолды бос қусырып тыныш отыруға болмайды. Кеңес үкіметін тезірек құлату керек деді. Кеңес үкіметіне қарсы күресте қандай таптан шықса да, қай топтан болмасын өзін ҚАЗАҚ-пын дейтін

азаматтардың бастары бірігулері керек. Егер де: «Алашордалықтар, Әй, Асылбеков екеуің халықтың бақыты үшін күресіп едіңдер, ал енді не нәрсеге қолдарың жетті десе не дейміз?!» –деді.

Сәбит Мұқанов – Жазушылар одағының төрағасы. Мен онымен 1921 жылдан араласамын. Ол Сейфуллиннің өте адал жақтасы. Жақын досым ретінде мен оған жасырын ұйым жөнінде айттым. Ол бұл ұйымның алға қойған мақсатын қолдайтынын білдірді.

Өз басым тарихшы ретінде Асылбековтың берген жауаптарын сатқындық деп есептей алмаймын. Оның берген жауаптары Кеңестің тергеушілеріне онсыз да белгілі болатын. Оның үстіне ол атаған қайраткерлердің тағдыры оған дейін шешіліп қойылғанын Асылбеков біліп отыр. Енді оның берген жауаптарын көңіл қойып талдасаңыз, бірде-бір сұраққа нақты жауап бермеген, жалтарма жауаптармен қиын жағдайлардан шығып кеткенге ұқсайды. Бірақ оның 1923 жылдан бергі жауабы оның тілімен айтқанда «колонизаторлар» оған үкімді алдын ала шығартып қойғаны анық. Кеңес үкіметінің саясатын алғашқы кезеңінен бастап аяусыз әшкерелеген есіл ер осылайша жендеттердің қолынан қаза тапты. Оның аты тәуелсіздік тұсында алтын әріптермен жазылып, есімізде мәңгілік сақталуға тиіс. Абдолла Асылбеков АЛАШ-тың адал ұлы болды.